

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

ШЫМКЕНТ КАМПУСЫ

Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті

2023-2024 оқу жылындағы Денсаулық сақтау (медицина) резиденттерін даярлау бағыты бойынша академиялық комитет Кеңесінің №8 мәжілісінің хаттамасы

Шымкент қаласы

13.05.2024ж

Бас ғимарат 205 аудитория

сағ.15-00

Қатысқандар: Төрағасы-Оразбаева Ж.Т.

Академиялық комитет кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ӘР ББ өзіндік бағалау жүргізу:

- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;
- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
- сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
- білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
- түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері;

Жалпы резиденттердің ББ сараптамалық тұжырымдама сауалнамасы бойынша АҚ төрағасы Оразбаева Ж.Т. баяндады: Сауалнама Шымкент қаласындағы ауруханалар мен емханалардың басшыларына жолданған. Сол сауалнамаларды анализ жасап мынадай нәтижелерге көз жеткізуге болады.

Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша мамандар дайындауда 33 ББ бар. Қазақстан қоғамы үшін әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени өзгерістер мен бәсеке үдерісінде адам сапасын сапалы дамытудың маңызы өте зор. Оны орындау үшін нарықтық экономикаға негізделген бәсекеге лайық жаңа заманда жаңаша ойлайтын жеке тұлғаны дайындау шарт. Бұл шарт орындалуы үшін өзінің әлеуметтік экономикалық кеңістігінде қазіргі жас ұрпақтың ұлт тұлғасының ұйтқысы ретінде кемелденудің бірден бір жолы Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша мамандар дайындауды заман талабына сай жан-жақты жақсарту, жетілдіру - еліміз ұстанған стратегиялық бағыт.

Әлемде халықаралық мәртебе беріліп, оны дамыту бағдарламасының жасалуы - тілдің даму стратегиясының ресми көрінісі. Осы тұрғыдан келгенде, Денсаулық сақтау (медицина) мамандарын сапалы дайындау қазіргі таңда өте маңызды мәселе болып отыр.

Осымен байланысты Қазақстандағы жоғары білім беруге негізделген Шымкент кампусында 2023-2024 оқу жылында Денсаулық сақтау (медицина) резиденттерін дайындайтын 33 ББ бар. 7R01123-Жұқпалы аурулар ересектердің, балалардың, 7R01122- Дерматовенерология ересектердің, балалардың, 7R01116-Клиникалық фармакология кафедрасының меңгерішісі, 7R01129- Патологиялық анатомия, 7R01119-Оториноларингология ересектердің, балалардың, 7R01120 Травматология, ортопедия ересектердің, балалардың, 7R01121-Урология ересектердің, балалардың кафедрасының меңгерушісі, 7R01103-Жалпы хирургия кафедрасының меңгерішісі, 7R01117-Физикалық медицина және реабилитация ересектердің, балалардың 7R01101- Педиатрия, 7R01125-Неонатология, 7R01102-Акушерия және гинекология ересектердің, балалардың, 7R01111-Офтальмология ересектердің, балалардың, 7R01112- Анестезиология

және реаниматология ересектердің, балалардың, 7R01109- Нейрохирургия ересектердің, балалардың, 7R01118- Балалар хирургиясы, 7R01104- Неврология ересектердің, балалардың, 7R01114-Радиология, 7R01105-Терапия, 7R01107-Кардиология ересектердің, балалардың, 7R01108-Эндокринология ересектердің, балалардың, 7R01126-Аллергология және иммунология ересектердің, балалардың, 7R01127-Пульмонология ересектердің, балалардың, 7R01110 - Гастроэнтерология ересектердің, балалардың, 7R01106-Отбасылық медицина, 7R01115- Кардиохирургия, ересектердің, балалардың, 7R01124-Онкология ересектердің, 5B130100- Жалпы медицина, 7R01113- Психиатрия ересектердің, балалардың, 7R01128- Ангиохирургия ересектердің, балалардың, 7R01131- Жақ сүйек-бет хирургиясы ересектердің, балалардың, 7R01118- Балалар хирургиясы, 5B130200- Стоматология мамандарын даярлау жүйесінің көздейтін мақсаты - жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, өз бетімен білімін жетілдіре алатын, ең бастысы мамандығы бойынша қажетті білім, іскерлік, дағдысы қалыптасқан терең білімді және оны жас ұрпақты тәрбиелеуде қолданудың әдістемелік жүйесін білікті, ізгілікті маман даярлау.

Сымбат-Нұр клиникасының генеральный директоры м.ғ.к Батеш Айтбайұлы сөз алды: Жоғарыда көрсетілген мамандықтар бойынша бүгінгі болашақ маманның құзырлы даярлығы, ең алдымен мамандығы бойынша ғылыми білімді, сапалы игеруіне байланысты. Оның жоғары оқу орнында жинақтаған теориялық-практикалық білім деңгейінің сапасы - болашақ жас ұрпақтың білім көрсеткіші, сондықтан жоғары білім берудің жаңаша моделін құру, білім мазмұнын жаңарту, реттік шығармашылық оқуға кеші, білімнің тұлғалық-бағдарлық сипаты басты нәтижелілігіне бағдарлауды жүзеге

асыру керек. Білім беру - қоғам мүшелерінің адамгершілік-интеллектуалдық, мәдени және дене даму кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз оқыту мен тәрбиелеу процесі. Жоғарыда көрсетілген мамандықтар бойынша ұсынылып отырған білім беру бағдарламасы осы мақсатта әзірленген кәсіби құзыреттерге негізделіп, олар іштей құрамдас құзіреттерге жіктелген.

Шымкент қаласындағы Онкологиялық орталықтың бас дәрігері Сакен Катбаев сөз алды: Білім беру бағдарламасы басты мақсаты білім алып, білім мен дағды машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке - ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде жұмыс істеу және лайықты өмір сүру болып табылады.

Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Денсаулық сақтау (медицина) резиденттерін даярлау бағыты бойынша әзірленген Білім беру бағдарламасы баскелестікке қабілетті болашақ маманның кәсіби-теориялық даярлығын арттырудың жолдарын нақты белгілеп беріп отырған, талапқа сай деңгейінде әзірленген бағдарлама деп есептейміз.

"Шымкент жүрек орталығы" КЕАҚ Басқарма төрағасының м.а., жоғары санатты кардиохирург дәрігер Д. Ж. Сүйгенбаев, ОКБ-ның бас дәрігері Дильдабеков Жанболат Бердибаевич, Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысы Досанова Алтын Мейрамбаевна және Шымкент қалалық перинатальды орталықтың бас дәрігері Сыздыкова Гулбану Жумагаливна сөз кезегі беріліп, осылай қорытынды жасады: Білім беру бағдарламасы Денсаулық сақтау (медицина) резиденттерін даярлау саласындағы мамандарға қажетті кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін айқындалған оқыту нәтижелеріне назар аудара отырып әзірленген. Дублин дескрипторлары негізінде Ұлттық біліктілік шеңберінің талаптарына сәйкес анықталған білім беру бағдарламасының құзіреттіліктері мен оқу нәтижелері, шығармашылық ойлауы, мамандығы бойынша білімі, іскерлігі мен дағдысы дамыған болашақ жалпы хирург дәрігерлерін даярлауға мүмкіндік береді. Білім беру мен болашақ мамандарды даярлау саласындағы елеулі өзгерістерге байланысты оқу нәтижелері мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес болуы керек.

Білімгерлердің жалпы мәдениеттілік және кәсіптік құзыреттіліктерді қалыптастыруға қажетті білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне жетуі оқу пәндері арқылы қамтамасыз етіледі. Білім беру бағдарламасының оқу пәндерінің қысқаша сипаттамалары олардың қазіргі

таңдағы заманауи медициналық, инновациялық және креативтік технологияларды меңгеруге және жоспарланған оқыту нәтижелерін толық меңгеруге бағытталғанын көрсетеді.

Қазіргі таңда түлектердің жұмысқа орналасуы сауалнама нәтижелері бойынша 90-95% құрайды, қалған 5% бала күтіміне және т.б. себептеріне байланысты жұмыссыз.

Шешім №1: Мәлімет назарға алынсын. Түлектермен сауалнама жүргізілуі 15-маусымға жоспарлансын.

АК төрайымы:



Оразбаева Ж.Т.